


Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік фармацевтика  
академиясы


Фармация ісін ұйымдастыру және басқару кафедрасы.



**Тақырыбы:** Шаншуға арналған гомеопатиялық  
дәрілік түрлер. Мұрынға және көзге арналған  
гомепатиялық тамшылар.

Орындаған: Тайкенов Е.  
Тобы: 401 «Б» ФК  
Қабылдаған : Ермекова А.Б.






## **Жоспар:**

- **Кіріспе**
- **Негізгі бөлім**
- Шаншуға арналған дәрілік құралдардың артықшылықтары кемшіліктері
- Шаншуға арналған дәрілік құралдардың апирогендігі
- Көзге арналған дәрілік түрлер
- Көз тамшыларын стерильдеу
- Көз дәрілік түрлерінің сапасын бағалау.
- **Қорытынды**
- **Пайдаланған әдебиеттер**

*Шаншуға арналған дәрілік түрлер ағзаға шприц арқылы тері немесе кілегей қабаттарын бүтіндігін бұзу арқылы енгізілетін дәрілік түрлердің ерекше тобына жатады.*



*Дәрілік заттарды тері арқылы енгізуді 1785 жылы дәрігер Фуркруа айтқан болатын. Ол скарификатордың көмегімен теріде кесік істеп және алынған жараларға дәрілік заттарды ысқылаған. Алғаш рет дәрілік заттардың ерітінділерін тері арқылы жіберуді 1785 жылдың басында Владикавказ әскери госпитальдың дәрігері Лазарев жасаған.*

Антуан Франсуа де Фуркруа



# *Шаншуга арналған дәрілік түрлердің артықшылықтары:*


Тез терапевттік әсер  
көрсетеді.

Дәрілік зат дәл дозаланады.

Ес-түссіз жағдайындағы  
науқасқа дәрілік затты  
енгізуге мүмкіндік береді.


Асқазан-ішек жолдарын  
тітіркендіруіне байланысты  
жағдайларды болдырмайды.

Қанды көп жоғалтқан  
кезде, оны сұйықтықтармен  
алмастыру мүмкіндігі.





# *Шаншуға арналған дәрілік түрлердің кемшіліктері:*




*Инфекция енгізу қаупі.*

*Шприц инесімен ұлпаны  
жарақаттану  
нәтижесінде ауырсыну.*

*Майда қан тамырының  
қатты заттармен  
немесе ауа  
көпіршіктерімен  
бекітілуі қаупі.*


*Дәрілік затты ағзаға  
енгізу үшін арнайы білімі  
бар медициналық  
қызметкердің  
қажеттігі.*




*Шаншуға арналған ерітінділерді ұлпаларға және ағза сұйықтықтарына енгізу терінің және шыршыты қабаттардың табиғи қорғаныс барьерлерін бұзып енгізетіндіктен оларға Мф XI басылымындағы жалпы мақаласына сәйкес келесі талаптар қойылады:*



*Апирогендік – шаншуға арналған ерітінділерде пирогенді заттардың немесе пирогендердің болмауы.*







*Пирогендер – термотұрақты заттар, олар тек құрғақ ауа стерилизаторларында 250 градус температурада 30 минут бойы қыздырғанда ғана бұзылады.*

*Қысым астында бумен әсер еткенде рН мәні 8,0 ерітіндіде пирогендер 5 сағатта, ал рН-мәні 3,2 ерітіндіде 2 сағатта жойылады. Осыған байланысты шаншуға арналған препараттар дайындаудың барлық сатысында, соңынан стерильдеуіне байланыссыз, қатаң асептикалық жағдайда сақталуы тиіс.*



*Пирогенді заттардан арылтудың  
әдістері:*

**Химиялық**

**Физика - химиялық**

**Энзиматикалық**





***Химиялық әдіс.*** Сутек асқын тотығы ерітіндісінде 100 градус температурада 1 сағат қыздыру немесе күкірт қышқылымен қышқылданған калий перманганатының 0,5 – 1 % ерітіндісіне 25 - 30 минут ұстау. Бұл әдіс дәнекерлеуші шыны түтіктерді өңдеу үшін қолданылады

***Физика-химиялық әдіс.*** Активтелген көмір, мембрандық фильтрлері бар колонкалардан ерітінділерді өткізу. Пирогендік эффект қаупіне байланысты көлемі 10 мл және одан жоғары қан тамырына енгізілетін ерітінділерді пирогендік тексеруден өткізеді. Міндетті түрде 5% глюкоза, натрий хлоридінің изотондық ерітіндісі, желатин ерітіндісі тексеріледі.



Шаншуға арналған ерітінділерді дайындаған кезде пирогенді заттардың ерітіндіге түсуін болдырмау қажет, ол біріншіден еріткіштердің, қолданылатын дәрілік заттардың және қосымша материалдардың (тұрақтандырғыштар, солюбилизаторлар, консерванттар және т.б.) жоғары сапалы болуын талап етеді.





Шаншуға арналған суды асептикалық жағдайда ҚР ДСМ санитарлық бас дәрігердің 25 наурыз 2002 ж. №9 «Дәрілік ұйымдарын орналастыру, жабдықтау және пайдалану, санитарлық ережелері мен нормалары» бұйрығына сәйкес алынады.



*Шаншуға арналған суды кәдімгі айдау  
аппараттарында, тек асептикалық  
жағдайда, дистиллятты жинау кезінде оған  
құрамында пирогенді заттары бар айдалмаған  
судың тамшылары түспейтін жағдайда  
жүргізілуі тиіс.*


*Дәрілік заттарға қойылатын талаптар.*

*Шаншуға арналған ерітінділер МФ, УФМ, ГОСТ  
талаптарына жауап беретін квалификациясы  
химиялық таза (химиялық таза) және талдау үшін  
талдау (талдау үшін таза) дәрілік заттардан  
дайындалады*





- **Токсикалық қоспалар. Глюкозада және желатинге (микроорганизмдердің көбеюіне қолайлы орта) пирогенді заттар болуы мүмкін**
- **Тазалығын тексеру. Дәрілік заттардың шаншуға арналған ерітінділер дайындауға жарамдылығын қосымша қосымша зерттеулер бойынша анықталады**
- **Тұрақтылығына әсер ететін қоспалар. Мысалы, натрий гидрокарбонат квалификациялары химиялық таза талдау үшін таза ГОСТ 4201-66 талаптарына, сонымен қатар «инъекцияға жарамды», түстілігі және мөлдірлігі бойынша қосымша талаптарға жауап беруі керек. Кальций және магний иондары 0,05% көп болмауы керек.**



Қазіргі заманғы ғылыми медицинаның құралдандыруға, дәрілік құралдардың кең ассортименти ішінде көзге арналған дәрілік түрлер ерекше орын алады, және олардың өндірісі фармацевтік технологияның дербес тақырыбы болып табылады. Бұл адамның көру мүшесінің бірегей ерекшеліктерімен тек қана өзінің құрылысы және қасиеттері сонымен қатар қазіргі заманда қатаң орнатылған дәрілік заттарды енгізгенде олардың спецификалық сіңірілу және таралу механизмімен сол заттардың көздің әр түрлі ұлпалармен сұйықтықтарымен әрекеттесу ерекшеліктерімен түсіндіріледі.



Көз ұлпаларының аса жеңіл жарақаттануы, адамның көру мүшесінің орасан зор көп аурулары (ангиома, блефарит, глаукома, трахома, ретинит скрелит және басқалар) офтальмологиялық іс – тәжірибеде қолданылатын, препараттарды жасап шығару және үнемі жетілдіру керектігін негіздейді. Көздің кілегей қабығы ағзаның барлық кілегей қабықтарының ішіндегі ең сезімталдысы. Көз жасы сұйығы микроорганизмдерден қорғаныс барьері ролін атқарады.



# *Көзге арналған дәрілік түрлер*




# Көзге арналған дәрілік түрлер

- Көзге арналған дәрілік түрлер қолдану тәсілі бойынша ерекше топқа бөлінеді. Офтальмологиялық ерітінділерді дайындау процесі дәріхана жағдайында қиын және жұмысы көп болып келеді.
- Көз тамшылыры, көз тамшылары сулы немесе майлы ерітінділер, дәрілік заттардың майдағы суспензиясы.
- Көз тамшыларына , көзге басуға арналған ерітінділерге келесі талаптар қойылады: стерильділік, тұрақтылық, қарусыз көзбен көрінбейтін механикалық қоспалардың болмауы және изотондық.




# Көз тамшыларын стерильдеу

Көз тамшыларын стерильдігін қамтамасыз ету үшін, оларды асептикалық жағдайда дайындайды.



**Термостабильді** (атропин сульфаты, пилокарпин гидрохлориді, мырыш сульфаты ерітінділерін) ерітінділерді стерильдейді



**Термолабильді** дәрілік заттардың ерітінділері (резорцин, физостигмин, салицилат, бензилпенициллин натрий, кейбір көп компонентті жазылымдар) асептикалық жағдайда стерильдеусіз дайындалады.





# Көз дәрілік түрлерін тұрақтандыру



Шаншуға арналған ерітінділердегідей, шартты түрде тұрақтандыруды қажет ететін көзге арналған ерітінділерді үш топқа бөледі:

әлсіз негізбен және күшті қышқылдан тұратын тұздар;

-күшті негізден және әлсіз қышқылдан түзілген тұздар;

-жеңіл тотығатын заттар.



# Көз дәрілік түрлерінің сапасын бағалау.

- ❖ *Стерильділік (орауышты ашқанға дейінгі)*
- ❖ *Микроорганизмдерге тұрақтылығы (орауышты ашқаннан кейін)*
- ❖ *Химиялық тұрақтылық*
- ❖ *Комфорттылығы*
- ❖ *Әсерін ұзарту*
- ❖ *Механикалық қоспасының болмауы*
- ❖ *Рационалды орауыш*



# Мұрын тамшылары

Мұрын тамшылары - ішкі пайдалану үшін сұйық дәрілік нысандарын, су немесе майлы ерітінділер, суспензияны мұрын ішіне енгізу үшін арналған ерітінділер.






Артықшылығы болып табылады: пайдаланудың қарапайымдылығы, тез әсер етуі.

Кемшілігі:

Дәл болуы мүмкін емес мөлшерлеу.

4. Қолданған кезде әсіресе жас балаларда жөтел, жұтқыншақ тітіркенуі мүмкін.

5. Қолдану жас балаларда қиын.



# Сапасына қойылатын талаптар:



- Құжаттама (рецепт, паспорт)
- жобалау
- орау
- түсі
- иісі болмауы
- механикалық қосындылар
- көлемі ауытқу



# Қорытынды

Гомеопатиялық шаншуға арналған дәрілік түрлер мен мұрынға және көзге арналған тамшылар асептикалық таза болу керек .

Бұл дәрілік құралдарды МФ ДСМ –нің талаптарына сай тексеріліп шығарылады.

Шаншуға арналған ерітінділерді қолдану адам өміріне қпайдалы әрі қауіпті жағы да бар. Сондықтан оларды қолдану алдында талаптарға сай қолдана білу әр адам өміріне маңызды. Шаншуға арналған ерітінділерді қолдану өте тиімді себебі ерітінді қанға оңай сіңіп тез әсерін көрсетеді.





# *Пайдаланылған әдебиеттер*

- 1) Сағындықова Б.А. Дәрілердің дәріханалық технологиясы : Оқулық / - Алматы : Эверо, 2011.*
- 2) Сағындықова Б.А. Дәрілердің өндірістік технологиясы : Оқулық / - Алматы : Эверо, 2011.*
- 3) Государственная Фармакопея Республики Казахстан. – том 1,2 – Алматы. – Издательский дом: «Жибек жолы».– 2008.*
- 4) Фармацевтическая технология. Технология лекарственных форм: Учебник для вузов/Под ред. И.И. Краснюка, Г.В. Михайловой.-М.:Академия, 2006.*





Назарларыңызға  
рахмет!!!